**БЖБ №1 Қазақ тілі**
**Сынып: 2 «Ә»** **Оқушының аты- жөні:** ---------------------------------------------------------------------------------------------

**Қазақ тілі пәнінен «Өзім туралы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау. БЖБ №1**

**Оқу мақсаты:** 2.1.1.1 Тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.
2.4.1.2* у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу

**Орындау уақыты:** 20 минут **Балл саны :** 10

**Мерзімі:**-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**1 - тапсырма. У дыбысы қай сөзде дауысты, қай сөзде дауыссыз екенін анықтап, тиісті кестеге жаз.**

**Ауа, тау, улы, айту, дауыс, тоқу, оқу, отау, сауысқан, егеу, керуен, сурет, елу, зәулім, сатушы, сусын, келу.**

| Дауысты у | Дауыссыз у |
|---|---|
| | |

**2- тапсырма.**

**Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.**

1. Оқушылар сер...нге шықты. 2. Қонақтардың қолына с... құйды. 3. Олар қолдарын ж...ды. 4. Қымыз – шипалы с...сын.

**3- тапсырма. Сый, тый және бұлардан таралған сөздер құрастыр.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сый** | | **Тый** | |

--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------

Сынып шетекшісі: Ашимбаева А.Т. Ата – ана :

| Бағалау критерийі | Тапсырма | Дескриптор<br>*/Білім алушы/* | Балл |
|---|---|---|---|
| Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді | 1 | У дыбысы дауысты болып келетін сөздерді жазады. | 1 |
| | | У дыбысы дауыссыз болып келетін сөздерді жазады. | 1 |
| | 2 | Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жазады.<br>(әр сөйлемге 1 балл беріледі) | 4 |
| Тірек сөздер арқылы тақырыпқа қатысты әңгіме құрастырады | 3 | Сый, тый және бұлардан таралған сөздер құрастырады.<br>(Әр сөзге 1 балл беріледі) | 4 |
| **Барлығы** | | | 10 |

**Қазақ тілі пәнінен «Өзім туралы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

| Бағалау критерийі | Тапсырма | Оқу жетістіктерінің деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Төмен** | **Орташа** | **Жоғары** |
| Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді | 1-2 | у әрпінің емлесін сақтап жазуда қиналады | у әрпінің емлесін сақтап жазуда қателеседі | у әрпінің емлесін сақтап жазады. |
| Тірек сөздер арқылы тақырыпқа қатысты әңгіме құрастырады | 3 | и, й әріптерінің емлесін сақтап жазуда қателеседі | и, й әріптерінің емлесін сақтап жазуда қателеседі | и, й әріптерінің емлесін сақтап жазады. |

**БЖБ №2 Қазақ тілі**

**19.10.2023ж.**

**2 «Ә» сынып**

**Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.**

**«Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау**

Сөйлеу әрекетінің түрлері Оқылым және жазылым

**Оқу мақсаты**

2.2.3.1 Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

2.4.1.3 дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді,ұяң ) ажырату және дауыссыз п -б, қ-ғ , к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу:

2.4.1.4 дауыссыз л,р,ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу

**Бағалау критерийі**

Білім алушы

- Мәтінге қатысты сұрақ қояды және жауап береді
- Дауыссыз п -б, қ-ғ , к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазады;
- Дауыссыз л,р,ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу:

**Ойлау дағдыларының деңгейі**: қолдану

**«Менің отбасым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Оқу жетістіктерінің деңгейі** | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Мәтінге қатысты сұрақ қояды және жауап береді | 1 | Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қоюда және сұраққа жауап беруде қиналады. ☐ | Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қоюда /сұраққа жауап беруде қателіктер жібереді. ☐ | Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қояды және сұраққа жауап береді. ☐ |
| дауыссыз «п мен б», «қ мен ғ» , «л мен р» «н мен ң» дыбыстарының емлесін сақтап жазады. | 2 | «п мен б», «қ мен ғ» , «л мен р» «н мен ң» әріптерінің емлесін сақтап жазуда қиналады. ☐ | «п мен б», «қ мен ғ» , «л мен р» «н мен ң» әріптерінің емлесін сақтап жазуда қателіктер жібереді. ☐ | «п мен б», «қ мен ғ» , «л мен р» «н мен ң» әріптерінің емлесін сақтап жазады. ☐ |

Пәні: қазақ тілі Сыныбы : 2« Ә » күн 19.10.2023 жыл

Оқушының аты-жөні:_______________________________________________

**«Менің отбасым және достарым » ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау №2**

Орындау уақыты: 20 минут

**I нұсқа 1-тапсырма**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Күз мезгілі болатын. Күн бұлтты. Жаңбыр жауып тұр. Асқар мен Жанар үйлеріне қарай келе жатты. Олар жол бойында бүрісіп отырған кішкентай күшікті көрді. Күшікті аяп, үйлеріне алып келді. Оған сүт, тамақ берді. Күшік тамаққа тойды. Бір кезде ұйқыға кетті. Екі бала өз істеріне риза болды. Олар бір-біріне жымыңдай қарады.

1) Сұрақтарға қысқаша жауап жаз.
   - Балалар жолдан нені көрді?________________________________
   - Олар күшікке қандай қамқорлық жасады?
     _________________________________________________________
2) Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастыр және оған толық жауап жаз.
   ________________________________________________________________________
   ________________________________________________________________________
   ________________________________________

**2-тапсырма**

- Берілген сөздерге ы, і әріптерінің тиістісін жалғап жаз.

Кітап-______________________

Ұршық-______________________

Әйнек-______________________

- Берілген сөздердің қатарынан қате жазылған сөздерді тауып, астын сыз.

Лашын, ылақ, рәсім, рауғаш, лезде

Теңізші, аншы, таңертең, кенші.

Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Мәтінге қатысты сұрақ қояды және жауап береді | 1 | мәтін мазмұны бойынша қойылған сұраққа қысқаша жауап береді:<br>-бірінші сұраққа;<br>-екінші сұраққа; | <br><br>1<br>1 |
| | | мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырады; | 1 |
| | | сұраққа толық жауап береді; | 1 |
| | | сөйлемнің құрылымын сақтайды | 1 |
| Дауыссыз п -б, қ-ғ , к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазады. | 2 | п-б дыбысының емлесін сақтап жазады; | 1 |
| | | қ-ғ дыбысының емлесін сақтап жазады; | 1 |
| | | к-г дыбысының емлесін сақтап жазады; | 1 |
| Дауыссыз л,р,ң дыбыстарының емлесін сақтап жазады. | | қате жазылған сөзді анықтайды:<br>-бірінші қатені<br>-екінші қатені | 2 |

Пәні: қазақ тілі Сыныбы 2 « Ә » күні : 19.10.2023 жыл.

Оқушының аты-жөні:_______________________________________________

**«Менің отбасым және достарым » ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау №2**

Орындау уақыты: 20 минут

**II нұсқа 1-тапсырма**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Біз Гауһар екеуміз көрші тұрдық. Кішкентай кезімізден бірге ойнадық. Бірінші сыныпқа да бірге бардық.

Қазір ол отбасымен шетелге көшіп кетті. Маған өзінің әдемі қуыршағын сыйлап кетті. Осы ойыншықты қолыма алған сайын досым есіме түседі.

1) Сұрақтарға қысқаша жауап жаз.
   - Досының аты кім? __________________________________________
   - Досы қазір қайда тұрады?
     ____________________________________________________________

2) Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастыр және оған толық жауап жаз.
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________

**2-тапсырма**

- Берілген сөздерге ы, і әріптерінің тиістісін жалғап жаз.

Тәртіп-________________________

Бұлақ -_______________________

Көлік -________________________

- Берілген сөздердің қатарынан қате жазылған сөздерді тауып, астын сыз.

Лашын, ылайық, рәсім, рауғаш, лезде

Тенізші, аңшы, қаиың, кенші

Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма** | **Дескриптор** | **Балл** |
| --- | --- | --- | --- |
| | | **Білім алушы** | |
| Мәтінге қатысты сұрақ қояды және жауап береді | 1 | мәтін мазмұны бойынша қойылған сұраққа қысқаша жауап береді:<br>-бірінші сұраққа;<br>-екінші сұраққа; | <br><br>1<br>1 |
| | | мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырады; | 1 |
| | | сұраққа толық жауап береді; | 1 |
| | | сөйлемнің құрылымын сақтайды | 1 |
| «п мен б», «қ мен ғ» , «л мен р» «н мен ң» әріптерінің емлесін біледі | 2 | п-б дыбысының емлесін сақтап жазады; | 1 |
| | | қ-ғ дыбысының емлесін сақтап жазады; | 1 |
| | | к-г дыбысының емлесін сақтап жазады; | 1 |
| | | қате жазылған сөзді анықтайды:<br>-бірінші қатені<br>-екінші қатені | 2 |

**ТЖБ №1 Қазақ тілі**

**24.10.2023ж.**

**2 «Ә» сынып**

**Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.**

**Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| № | Сөйлеу әрекетінің түрлері | Ортақ тақырып | Оқу мақсаты | Тапсырманың сипаттамасы | Тапсырма саны | Жалпы балл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Тыңдалым және айтылым | Өзім туралы<br><br>Менің отбасым және достарым | 2.1.3.1 Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды. | **1** | **5** |
| **2** | Оқылым | | 2.2.3.1 Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру | Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар және ашық түрдегі қысқа жауаптарды қажет ететін тапсырманы орындайды. | **1** | **5** |
| **3** | Жазылым | | 2.4.1.1 «я», «ю» әріптерінің емлесін сақтап жазу<br>2.4.1.2 «у», «и, й» әріптерінің емлесін сақтап жазу | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапырманы орындайды. | **1** | **5** |
| **Барлығы** | | | | | **3** | **15** |

Пәні: қазақ тілі Сыныбы ___________ күні____________

Оқушының аты-жөні:_______________________________________________

**1-тоқсанға арналған жиынтық бағалау**

Орындау уақыты: 40 минут

**І нұсқа**

**1-тапсырма Тыңдалым және айтылым**

Сұрақтарды мұқият тыңда. Берілген сұрақтарды пайдаланып досыңнан оның сыныбы туралы сұхбат ал.

Сенің отбасың қандай?

Отбасыңда неше адам бар?

Ата-анаң қайда жұмыс істейді?

Аға,інің, қарындасың, сіңлің бар ма?

[5]

**2-тапсырма** Оқылым

Мәтінді оқы

Мен жазда отбасыммен Астана қаласына бардым. Қала маған қатты ұнады. Әдемі үйлер көп салыныпты. Есіл өзенінде қайықпен серуендедім. Маған қала ерекше ұнады. Мен күнделігіме «Астана-арман қала» деп жазып қойдым.

1) Сұрақтарға жауап болатын суретті белгіле (✓).

- Мен жазда қай қалаға бардым?





- Қалада нелер көп салыныпты?







2) Ол күнделігіне астына жазу жазды?

______________________________________________

3) Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.

______________________________________________

[**5**]

**3-тапсырма** Жазылым

Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Ол қи...р жинауға көмектесті. 2. Келесі күні те...ізге бардық. 3. Бұлт қо...лана түсті. 4. Балалар тоға...дан ж...дек терді.

[**5**]

Пәні: қазақ тілі Сыныбы ___________ күні____________

Оқушының аты-жөні:_______________________________________________

**1-тоқсанға арналған жиынтық бағалау**

Орындау уақыты: 40 минут

**II нұсқа**

**1-тапсырма Тыңдалым және айтылым**

Сұрақтарды мұқият тыңда. Берілген сұрақтарды пайдаланып досыңнан оның сыныбы туралы сұхбат ал.

Сен қай мектепте оқисың?

Нешінші сыныпта оқисың?

Сыныбыңда неше оқушы бар?

Сыныптағы достарың туралы әңгімелеп бер

[5]

**2-тапсырма** Оқылым

Менің досымның аты - Қанат. Оның түрлі түсті қарындаштары көп. Қанат сурет салуды жақсы көреді. Оның альбомында неше түрлі суреттер бар. Қанат күннің суретін салды. Оның астына «Әрқашан күн сөнбесін!» деп жазып қойды.

4) Сұрақтарға жауап болатын суретті белгіле (✓).

- Қанат нені жақсы көреді?





- Ол ненің суретін салды?





5) Ол суреттің астына қандай жазу жазды?

______________________________________________________________

6) Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.

______________________________________________________________

[**5**]

**3-тапсырма** Жазылым

Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Анам кешкі ас да...ындады. Олар ба...ырсақ пісірді. Кеше қи...рдан салат жасадым. Анамның әзірлеген қаймағы қо... лана басатды. Әкем те...ізге барғанды жақсы көреді.

[**5**]

**Оқушының аты-жөні**________________________________

**Сыныбы:**2 «Ә» **Күні** 05.10.2023ж.

**Орындалу уақыты 20 минут**

2.1.1.2 Екі таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру
2.1.1.3** Екі таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу

I нұсқа

Математика пәні «Екі таңбалы сандар», «Сандармен амалдар орындау. Есептер» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

## Тапсырма

**1. Түсіп қалған сандарды толықтырып жаз.**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 32 | 33 | | | | | | | | 41 |
| 88 | | | | 84 | | | | | 79 |

**2.Санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жаз.**

46 = □ + □ 59 = □ + □
51 = □ + □ 64 = □ + □
84 = □ + □ 29 = □ + □

**3. Есепті шығар. (шартын, сұрағын, шешуін, жауабын жаз)**

Сыныпқа 18 оқушы кірді. Оның 9-ы ұл балалар, қалғаны қыз балалар. Сыныпқа неше қыз бала кірді?

**Сынып жетекшісі:** Ашимбаева А.Т.

Оқушының аты-жөні________________________________

Сыныбы: 2 «Ә»      Күні      05.10.2023ж.

Орындалу уақыты 20 минут

2.1.1.2  Екі таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру
2.1.1.3** Екі таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу

II нұсқа

## Математика пәні «Екі таңбалы сандар», «Сандармен амалдар орындау. Есептер» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

Тапсырма

2. Түсіп қалған сандарды толықтырып жаз.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 56 | 57 | | | | | | | | 65 |
| 41 | | | | 37 | | | | | 32 |

2.Санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жаз.

87 = □ + □
44 = □ + □
53 = □ + □

77 = □ + □
68 = □ + □
45 = □ + □

4. Есепті шығар. (шартын, сұрағын, шешуін, жауабын жаз)

Марал бірінші күні кітаптың 16 бетін , екінші күні 8 бетін оқып шықты. Марал екі күнде кітаптың неше бетін оқып шықты?

**Сынып жетекшісі:** Ашимбаева А.Т.

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
| --- | --- | --- | --- |
| | | ***Білім алушы*** | |
| 100 көлемінде тура және кері санайды | 2 | натурал сандарды тура санау ретімен жазады; | 1 |
| | | натурал сандарды кері санау ретімен жазады; | 1 |
| Екітаңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді | 3 | санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жіктеуде ондықтарды жазады; | 2 |
| | | санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жіктеуде бірліктерді жаза алады. | 1 |
| Мәтіндік есептерді Шығарады | 5 | есептің қысқаша шартын жазады /сызбасын сызады; | 2 |
| | | есепті шешу амалын таңдайды және өрнек түрінде жазады; | 1 |
| | | өрнектің мәнін табады; | 1 |
| | | есептің жауабын жазады. | 1 |
| **Жалпы балл** | | | **10** |

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор<br>*Білім алушы* | Балл |
|---|---|---|---|
| 100 көлемінде тура және кері санайды | 2 | натурал сандарды тура санау ретімен жазады; | 1 |
| | | натурал сандарды кері санау ретімен жазады; | 1 |
| Екітаңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді | 3 | санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жіктеуде ондықтарды жазады; | 2 |
| | | санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жіктеуде бірліктерді жаза алады. | 1 |
| Мәтіндік есептерді Шығарады | 5 | есептің қысқаша шартын жазады /сызбасын сызады; | 2 |
| | | есепті шешу амалын таңдайды және өрнек түрінде жазады; | 1 |
| | | өрнектің мәнін табады; | 1 |
| | | есептің жауабын жазады. | 1 |
| **Жалпы балл** | | | **10** |

## БЖБ №2 Математика

## «Сандармен амалдар орындау. Есептер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Оқу мақсаты**

2.1.2.5** Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайтуды орындау

2.2.1.6 Екі-үш амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу

2.5.1.8** Барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде модельдеу

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосады және азайтады | 1 | ондықтан аттап орындау арқылы біртаңбалы сандардың;<br>-қосындысының мәнін табады<br>-айырмасының мәнін табады;<br>-қосындысының мәнін табады. | 1<br>1<br>1 |
| Жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін анықтайды және өрнектің мәнін табады | 2 | жақшалы өрнектегі амалдардың орындалу ретін анықтайды; | 1 |
| | | қосындының мәнін табады; | 1 |
| | | айырманың мәнін табады. | 1 |
| Мәтіндік есептерді шығарады | 3 | есептің қысқаша шартын жазады/сызбасын сызады; | 1 |
| | | есепті шешу амалынтаңдап, өрнек құрады; | 1 |
| | | өрнектің мәнін табады; | 1 |
| | | есептің жауабын жазады. | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

**«Сандармен амалдар орындау. Есептер » бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Оқу жетістіктерінің деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Төмен | Орта | Жоғары |
| Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосады және азайтады | 1 | Біртаңбалы сандармен ондықтан аттап қосу және азайту амалдарын орындауда қиналады. ☐ | Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосуда / азайтуда қателіктер жібереді ☐ | Біртаңбалы сандармен ондықтан аттап қосу және азайту амалдарын дұрыс орындайды. ☐ |
| Жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін анықтайды және өрнектің мәнін табады | 2 | Екі амалды жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтауда және өрнектің мәнін табуда қиналады. ☐ | Екі амалды жақшалы / жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтауда, екі амалды жақшалы/жақшасыз өрнектердің мәнін табуда қателіктер жібереді. ☐ | Екі амалды жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтайды, өрнектің мәнін дұрыс шығарады. ☐ |
| Мәтіндік есептерді шығарады | 3 | Мәтіндік есептерді шығаруда қиналады. ☐ | Есептің шарты бойынша санды өрнек құрады, есептің қысқаша шартын жазуда немесе сызбасын сызуда / өрнектің мәнін табуда / есептің жауабын жазуда қате жібереді. ☐ | Мәтіндік есептерді дұрыс шығарады. ☐ |

Пәні: математика Күні: _____________

Аты-жөні_____________________________________________

**«Сандармен амалдар орындау. Есептер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

**Орындау уақыты** 15 минут

**I нұсқа**

**1.** Өрнектерді сәйкес мәнімен байланыстырып сыз.

6 + 6 11- 7 9+7

12 13 14 4 5 6 16 17 18

**2.** Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектің мәнін тап.

◌ ◌

100 – (25 + 35) = ______________________

**3.** Есепті шығар.

Асанның 65 теңгесі бар еді. Ол 25 теңгесін бауырына берді. Асанның неше теңгесі қалды?

Пәні: математика Күні: ______________

Аты-жөні______________________________________________

**«Сандармен амалдар орындау. Есептер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

**Орындау уақыты** 15 минут

**II нұсқа**

**1.** Өрнектерді сәйкес мәнімен байланыстырып сыз.

6 + 7 15- 7 9+9

13 14 15 6 8 7 16 17 18

**2.** Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектің мәнін тап.

90 – (15 + 25) = ______________________

**3.** Есепті шығар.

Арманның 46 маркасы бар еді. Ол досына 22 данасын сыйға тартты. Арманның неше маркасы қалды?

**ТЖБ №1 Математика**

**24.10.2023ж.**

**2 «Ә» сынып**

**Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.**

## Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

| № | Бөлім | Бөлімше | Оқу мақсаты | Тапсырманың сипаттамасы | Тапсырма саны | Жалп балл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1.** | 1 А бөлімі-Екітаңбалы сандар | 1.1 натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер | 2.1.1.3 Екітаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды | **1** | **3** |
| **2.** | 1В бөлімі – | 5.1 Есептер | 2.5.1.8** Барлық | Білім алушы | **1** | **4** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сандармен амалдар орындау. Есептер | және математикалық модель | арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде модельдеу | ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін 1 тапсырма орындайды | | |
| **3.** | 1С бөлімі – Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 1.3 Шамалар және өлшем бірліктері | 2.1.3.3** Ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц)/ көлем (сыйымдылық) (л) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен амалдар орындау | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін 2 тапсырманы орындайды | **2** | **8** |
| **Барлығы** | | | | | **4** | **15** |

Пәні: математика Күні: _____________

Аты-жөні__________________________________________________________

**«Математика» пәнінен 1-тоқсанға арналған**
**жиынтық бағалаудың тапсырмалары**

Орындау уақыты-40 минут

**І нұсқа**

1. **Бос орындарды толтыр.**

34=☐☐+☐

75 онд= ☐ онд. ☐ бірл.

6 онд. 8 бірл.= ☐☐

**2. Есепті шығар.**

Қоймадан 35 кг картоп және одан 8 кг артық пияз алынды. Қоймадан неше кг пияз алынды?

**3. Амалдарды орында**

1 м-47 см=    36 кг+64 кг=    35 л-23 л=

4. **Салыстыр.** >, <, = таңбаларының тиістісін қой.

1 ц ☐ 45 кг    74 см ☐ 7 дм 4 см

60 см ☐ 1 м    20 дм ☐ 3 м

62 л ☐ 26 л

**Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.**

Пәні: математика    Күні: ______________

Аты-жөні____________________________________________________________

**«Математика» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары**

Орындау уақыты-40 минут

**II нұсқа**

1. **Бос орындарды толтыр.**

53=☐☐+☐

68 онд= ☐ онд.☐ бірл.

7 онд. 8 бірл.= ☐☐

2. **Есепті шығар.**

Асханаға 45 кг сәбіз және одан 8 кг кем қызылша әкелінді. Асханаға неше кг қызылша әкелінді?

3. **Амалдарды орында**

1 м-28 см=          23 кг+77 кг=          58 л-16 л=

4. **Салыстыр.** >, <, = таңбаларының тиістісін қой.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 ц | ☐ | 57 кг | 89 см | ☐ | 8 дм 9 см |
| 50 см | ☐ | 1 м | 70 дм | ☐ | 6 м |
| 32 л | ☐ | 23 л | | | |

**Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.**

**БЖБ №1 Әдебиеттік оқу**

## 1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Өзім туралы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

| | |
|---|---|
| **Сөйлеу әрекетінің түрлері** | Тыңдалым және айтылым |
| **Оқу мақсаты** | 2.1.2.1 Шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау/ үзіндісін мазмұндау/ сахналау<br>2.1.5.1 Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу |
| **Бағалау критерийі** | *Білім алушы*<br>Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айтады<br>Өз ойын айту үшін тірек сөздерді қолданады |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу және түсіну<br>Қолдану |
| **Орындау уақыты** | 20 минут |

**Тапсырма**

1. **Мәтінді мұқият тыңда.**

Досжан қолына шелек алып, құдыққа қарай беттеді. Құдық басында кісі көп екен. Жетпістегі Қалтай қария бүкшеңдеп су тартып жатыр. Бір-екі бала анадайда состиып қарап тұр. Досжан оларға алара бір қарады. Ол қарияның шелегін сұрап алды. Атын суғарып берді. Бағила әжейдің шелегін суға толтырып, үйіне дейін апарып берді.

Қариялар Досжанға алғыс айтып, батасын берді.

Берілген жоспарға сүйеніп, мазмұнда.

*Жоспар:*

1. Құдық басында
2. Досжанның көмегі

**2. Берілген сөз тіркестерінің қай кейіпкерге қатысты екенін анықтап, кестеге жаз.**

***Сөз тіркестері:*** состиып тұр, алара қарады, ентігіп қалыпты.

| | |
|---|---|
| Досжан | |
| Қалтай қария | |
| Балалар | |

**3. Досжан қандай бала деп ойлайсың? Неліктен?**

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айтады | 1 | оқиға желісін сақтай отырып, мәтінді жоспарға сай жүйелі мазмұндайды; | 1 |
| | | лексикалық нормаларды (*сөздерді қайталамау, диалект сөздерді қолданбау, сөздерді мағынасына қарай қолдану*) сақтайды; | 1 |
| | | грамматикалық нормаларды *(жалғаулар, сөйлемнің құрылымы )* сақтайды; | 1 |
| Өз ойын жеткізу үшін тірек сөздерді қолданады | 2 | кейіпкерлерге қатысты сөз тіркестерін анықтайды (кем дегенде екеуін); | 1 |
| | 3 | кейіпкерге қатысты дәлелді пікір айтады. | 1 |
| **Барлығы** | | | **5** |

«Өзім туралы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған

Білім алушының аты-жөні ____________

| Бағалау критерийі | | Мәтіннің мазмұнын жоспар бойы… айта… | Өз ойын жеткізу үшін тірек сөз… қолдана… |
|---|---|---|---|
| Тапсырма № | | 1 | 2, 3 |
| Оқушы жетістіктерінің деңгейі | Төмен | Мәтіндегі жоспар бойы мазмұндауда қиналад… ☐ | Мәтіннің кейіпкерлер… қатысты сөз тіркестерін анықтауда және кейіпкерге қатысты пікір айтуда қинал… ☐ |
| | Орта | Мәтіндегі жоспар бойы мазмұндауда / лексика / грамматикалық нормаларды сақтап сөйлеуде қателер жібере… ☐ | Мәтіннің кейіпкерлерін е… сөз тіркестерін а… қателеседі/кейіпкерге қа… пікір айтуда қина… ☐ |
| | Жоғары | Мәтіндегі берілген жоспар бойынша дұрыс мазмұ… ☐ | Мәтіннің кейіпкерлер… қатысты сөз тіркестерін анықтайды және кейіпке… қатысты дәлелді пікір… ☐ |

**БЖБ №2 Әдебиеттік оқу**

**18.10.2023ж.**

**2 «Ә» сынып**

**Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.**

**«Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау №2**

Сөйлеу әрекетінің түрлері Оқылым және жазылым

**Оқу мақсаты**

2.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау
2.2.6.1 Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау
2.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру

**Бағалау критерийі**

Білім алушы

- Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды
- Кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты ойын айтады
- Мәтінге жоспар құрады

**Ойлау дағдыларының деңгейі**: қолдану

**«Менің отбасым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Оқу жетістіктерінің деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Төмен | Орта | Жоғары |
| Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды. | 1 | Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын айтуда қиналады. ☐ | Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтауда қателеседі. ☐ | Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын дұрыс анықтайды. ☐ |
| Кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты ойын айтады | 2 | Кейіпкердің іс-әрекетін бағалауда және ойын дәлелдеуде қиналады. ☐ | Кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты пікір айтуда/ойын дәлелдеуде қателіктер жібереді. ☐ | Кейіпкердің іс-әрекеті туралы дәлелді пікір айтады. ☐ |
| Мәтінге жоспар құрады | 3 | Мәтінге жоспар құруда қиналады. ☐ | Мәтінді құрылымдық бөліктерге бөлуде/мәтінге жоспар құруда қателеседі. ☐ | Мәтін бойынша жоспар құрады. ☐ |

Пәні: әдебиеттік оқу Сыныбы: 2 «Ә» күні: 18.10.2023ж.

Оқушының аты-жөні:_______________________________________________

**«Менің отбасым және достарым » ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау №2**

Орындау уақыты: 20 минут

**І нұсқа 1-тапсырма**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Екі дос көше бойымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Абылан, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар. Көп жүгіре алмайды.

Бір үйдің жанынан өте бергенде олардың алдарынан дәу қара төбет шыға келді.

– Абылан, қаш, ит келіп қалды! - деп айғайлап жіберді Абыз.

Абылан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит оның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап үлгерді. Үлкендер келіп, Абыланды құтқарып алды. Абыз Абыланның қасына келіп:

– Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде бұлай болмас еді,- деді.

– Мен қашсам, сен ұсталатын едің. Сені иттен қорғайын деп әдейі қалып қойдым,- деді Абылан.

– Достар деген осылай болар,- деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.

1) Мәтінге ат қой. _______________________________________________
2) Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап жаз.
   - Мәтіндегі кейіпкерлер: ___________________________________
   - Олардың алдынан не шыға келді?____________________________
   - Абызды кім қорғап қалды? _________________________________
   - Үлкендер қандай пікір айтты? ______________________________

3) Саған қай кейіпкердің іс-әрекеті ұнады? Неліктен? Сөйлемдерді толықтыр.

*Маған*__________________________________________________________,

*себебі* _________________________________________________________ .

4. Мәтіндегі негізгі ойға сәйкес келетін мақалды тауып белгіле.

Досы көпті жау алмайды ◯ Ит-жеті қазынаның бірі ◯

4) Берілген сұрақтарға сүйене отырып, мәтінге жоспар құр.

| **Мәтіннің бөліктері** | **Сұрақтар** | **Жоспар** |
|---|---|---|
| Басы | Оқиға неден басталды? | |
| Ортасы | Ары қарай не болды? | |
| Соңы | Оқиға немен аяқталды? | |

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды. | 1 | мәтінге тақырып қояды; | 1 |
| | | мәтін мазмұны бойынша қойылған сұраққа қысқаша жауап береді:<br>-бірінші сұраққа;<br>-екінші сұраққа;<br>-үшінші сұраққа;<br>-төртінші сұраққа. | <br><br>1<br>1<br>1<br>1 |
| | | мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақалды анықтайды. | 1 |
| Кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты ойын айтады. | 2 | кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты көзқарасын білдіреді; | 1 |
| | | өз ойына дәлел келтіреді. | 1 |
| Мәтінге жоспар құрады. | 3 | мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды; | 1 |
| | | мәтінге жоспар құрады. | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

Пәні: әдебиеттік оқу Сыныбы: 2 «Ә» күні: 18.10.2023ж.

Оқушының аты-жөні:_______________________________________________

**«Менің отбасым және достарым » ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау №2**

Орындау уақыты: 20 минут

**II нұсқа 1-тапсырма**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Ораз бен Асқар есік алдында ойнап жүр. Екеуі допты әрі -бері тепті. Біраздан кейін ашық тұрған қораның есігін қақпа етіп алды. Енді допты соған дәлдеп ұрды.

Қатты тебілген доп қораның ішіне кіріп кетті. Ораз добын іздей бастады. Қараңғыда допты әрең тауып алды. Сыртқа шыға бергенде бұрышта тұрған шелекті қағып кетті. Ішіндегі сүт төгіліп қалды.

Ораз не істерін білмей тұрып қалды.

- Қорықпа, сүтті мысық төгіп кетіпті дейміз, - деді Асқар.

- Жоқ. Мен өтірік айтпаймын. Байқаусызда төгіп алдым деймін, - деді Ораз

1) Мәтінге ат қой. _______________________________________________
2) Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап жаз.
   - Мәтіндегі кейіпкерлер: ______________________________________
   - Олар қандай ойын ойнады?____________________________________
   - Ораз нені төгіп алды? __________________________________
   - Асқар қандай ұсыныс айтты? _______________________________

3) Саған қай кейіпкердің іс-әрекеті ұнады? Неліктен? Сөйлемдерді толықтыр.

*Маған*____________________________________________________________,

*себебі* ___________________________________________________________ .

4. Мәтіндегі негізгі ойға сәйкес келетін мақалды тауып белгіле.

Қолмен істегенді мойныңмен көтер

Ойыннан өрт шығады.

4) Берілген сұрақтарға сүйене отырып, мәтінге жоспар құр.

| **Мәтіннің бөліктері** | **Сұрақтар** | **Жоспар** |
|---|---|---|
| Басы | Оқиға неден басталды? | |
| Ортасы | Ары қарай не болды? | |
| Соңы | Оқиға немен аяқталды? | |

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды. | 1 | мәтінге тақырып қояды; | 1 |
| | | мәтін мазмұны бойынша қойылған сұраққа қысқаша жауап береді:<br>-бірінші сұраққа;<br>-екінші сұраққа;<br>-үшінші сұраққа;<br>-төртінші сұраққа. | <br><br>1<br>1<br>1<br>1 |
| | | мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақалды анықтайды. | 1 |
| Кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты ойын айтады. | 2 | кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты көзқарасын білдіреді; | 1 |
| | | өз ойына дәлел келтіреді. | 1 |
| Мәтінге жоспар құрады. | 3 | мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды; | 1 |
| | | мәтінге жоспар құрады. | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

**ТЖБ №1 Әдебиеттік оқу**

**24.10.2023ж.**

**2 «Ә» сынып**

**Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.**

**«Әдебиеттік оқу» пәнінен**
**1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары**

| № | Сөйлеу әрекетінің түрлері | Ортақ тақырып | Оқу мақсаты | Тапсырманың сипаттамасы | Тапсырма саны | Жа ба |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тыңдалым және айтылым | Өзім туралы Менің отбасым және достарым | 2.1.2.1 Шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау/үзіндісін мазмұндау/сахналау | Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар және ашық түрдегі толық жауаптарды қажет ететін тапсырманы орындайды. | 1 | 5 |
| 2 | Оқылым | | 2.2.1.2 Шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу.<br>2.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау. | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды. | 1 | 5 |
| 3 | Жазылым | | 2.3.2.1 Мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер/жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар/ санамақтар құрастыру | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды. | 1 | 5 |
| Барлығы | | | | | | 15 |

Пәні: әдебиеттік оқу Сыныбы: 2 «Ә» күні: 24.10.2023ж.

Оқушының аты-жөні:_______________________________________________

**1-тоқсанға арналған жиынтық бағалау**

Орындау уақыты: 40 минут

**I нұсқа 1-тапсырма**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

**Адалдық**

Қаншайым апайдың екі ұлы бар. Үлкені – Алмас, жасы сегізде. Кішісі – Алмат, оның жасы алтыда.

Бірде олардың анасы базардан мандарин алып келді. Екеуі қуанып, біразын жеді. Қалғанын ертең жемек болып келісті.

Түнде Алмас інісіне білдірмей, тағы да үш мандаринді жеп қойды.

Ертеңіне Алмас кітап оқып отырған. қасына Алмат келді. Қолында мандариндері бар.

– «Кешегі келіскеніміздей бөліп жейік»,– деп мандаринді екеуіне үш-үштен тең бөлді. Мандариннің біреуі артық қалды. Оны көрген Алмат:

– «Сен үлкенсің ғой, мынаны сен же»,– деп артығын Алмасқа ұсынды. Түндегі ұрлығы есіне түскен Алмас қатты ұялды. Оның мандаринге зауқы соқпады.

(Ж.Садықова)

1) Мәтінде нақты жауабы бар сұрақты анықта:
A)Қаншайым апайдың неше ұлы бар?
B) Анасы мандаринді неге алып келді?
C)Алмас неге мандарин жемеді?
D) Балалардың анасы кім болып жұмыс істейді?

2) Мәтінге сәйкес ақпаратты тап:
A) Бірде олардың анасы базардан мандарин алып келді.
B) Алмас мандаринді жемей отыр.
C)Алмас мандаринді жегенді ұнатпайды.
D)Алмат Алмасқа мандарин ұсынды.

3. Жұптық жұмыс. Берілген жоспарға сүйеніп, жұптасыңа мәтіннің бір бөлігінің мазмұнын айтып бер.
Жоспар:
1) Анасының мандарин әкелуі
2) Мандаринді бөліске салу

[5]

**2-тапсырма Оқылым**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Ерік пен Серік – ағайынды балалар. Олар ауылда тұрады.Екеуі ауыл шетіндегі тоғайға барып ойнайды. Тоғайда әнші торғайлар көп. Олар құстардың сайрағанын тыңдап, қызықтайды.

Бір жолы Серік шөп арасынан құстың жұмыртқасын көріп қалды. Оны тақиясына салып, үйіне әкелді. Әкесі оған:

- Балам-ау, бұл бозторғайдың жұмыртқасы ғой. Оны неге әкелдің? Бозторғай – пайдалы құс. Олар дән жемейді. Егінге түскен зиянды құрт-құмырсқаларды жейді, - деді.

Балалар өз қателігін түсінді. Ертеңіне жұмыртқаны орнына апарып қойды.

1) Мәтіннен сұрақтарға жауап беретін сөйлемді тауып, қоршап сыз.

   Балалар қайда тұрады?

   Тоғайда нелер көп?

   Бозторғай қандай құс?

2) Мәтінге ат қой ______________________________________

3) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың?

______

________________________________________________________________

__________________________________________________

[5]

**3-тапсырма Жазылым**

Берілген тірек сөздерді тиісті орнына қойып, өлеңді толықтырып жаз.

***Тірек сөздер***:

| **шығамыз** | **біргеміз** | **аулаймыз** | **жүреміз** | **күлеміз** |
|---|---|---|---|---|

Достар бірге жүреміз,
Бірге ойнаймыз, __________________.
Бірге балық _______________________,
Міне, біздер қандаймыз!

Орман, көлге, шыңға біз,
Саяхатқа __________________.
Тату-тәтті _________________,
Бөлінбейді іргеміз,
Әрқашанда __________ !

[5]

Пәні: әдебиеттік оқу Сыныбы: 2 «Ә» күні: 24.10.2023ж.
Оқушының аты-жөні:_______________________________________________

**1-тоқсанға арналған жиынтық бағалау**

Орындау уақыты: 40 минут

**II нұсқа 1-тапсырма**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

**Қатқан нан**

Арманның әкесі наубайшы болып істейді. Ол он жыл бойы үздіксіз нан пісіріп келеді. Таңертең ерте, күн шықпастан тұрып жұмысына кетеді. Түс кезінде дүкендерге жаңа ғана пештен шыққан ыстық нан жеткізіледі. Мектеп асханасына да сондай нан әкелінеді.

Бүгін Арманның әкесі ауырып қалды. Он жыл ішінде ол алғаш рет жұмысына барған жоқ. Оның төсегінің жанында шешесі отыр.

- Арман, оқушылар бүгін жаңа піскен нан жемейді... – деді анасы жай ғана.

Түсте балалар асханаға келді. Үстел үстінде кешеден қалған нан тіліктері қойылған. - Бүгін неге қатқан нан берілген? – деп сұрады балалар.

- Менің әкем ауырып қалды, сондықтан бүгін қатқан нан жейміз, – деді Арман.

Балалар қатқан нанның қиқымын еденге түсірмеуге тырысып, сақтықпен алып жеп отыр.

1) Мәтінде нақты жауабы бар сұрақты анықта:
A) Арманның шешесі қандай адам?
B) Жаңа піскен нанды асханаға кім әкеледі?
C) Арманның әкесі неліктен ауырып қалды?
D) Арманның әкесі кім болып жұмыс істейді?

2) Мәтінге сәйкес ақпаратты тап:
A) Үстел үстіне ыстық нан қойылған.
B) Балалар қатқан нанды жемей отыр.
C) Бүгін Арманның әкесі ауырып қалды.
D) Арманның әкесі жұмыстан көп қалады.

3) Жұптық жұмыс. Берілген жоспарға сүйеніп, жұптасыңа мәтіннің бір бөлігінің мазмұнын айтып бер.
Жоспар:
1) Арманның әкесі
2) Қатқан нан тіліктері

[5]

**2-тапсырма Оқылым**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Жазда Арман мен Нұрлан ата-әжесінің ауылына барды. Олар атасына бақшаны тазалауға көмектесіп жүр еді. Нұрлан жерде шиқылдап жатқан сары ауыз балапанды байқап қалды. Бұл ұядан құлап түскен торғайдың балапаны екен. Өзі кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді. Балапан шиқылдай берді.

Арман сатыға мініп, балапанды ұясына қойды. Енді олар балапанға үнемі қамқорлық жасап жүретін болды.

1) Мәтіннен сұрақтарға жауап беретін сөйлемді тауып, қоршап сыз.

Жазда Арман мен Нұрлан қайда барды?

Нұрлан нені байқап қалды?

Кім балапанды ұясына қойды?

2) Мәтінге ат қой _____________________________________

3) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың?

______

_________________________________________________________________

___________________________________________

[5]

**3-тапсырма Жазылым**

Берілген тірек сөздерді тиісті орнына қойып, өлеңді толықтырып жаз.

| тосылмай | бос | тоймаймыз | қос | ойнаймыз |
|---|---|---|---|---|

| | |
|---|---|
| Бірге ойын __________ ,<br>Біз ойынға _________ .<br>Достар деген осындай<br>Ән шырқайық ______ . | До, до, дос,<br>Достар жүрмес________ .<br>До, до, дос<br>Достарыңа достар_____ |

[5]

**1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР №1**

## «Жанды табиғат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Оқу мақсаты**

2.2.1.3 өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау

2.2.1.6 Топырақты күтудің маңызын түсіндіру

2.2.2.3 Жануарлардың көбею жолдарын түсіндіру

2.2.2.2 Жануарлардың тіршілік ортасына бейімделу жолдарын сипаттау

**Бағалау критерийі** Білім алушы

• Өсімдіктерге күтім жасаудың себептерін анықтайды және түсіндіреді

• Топырақты күтудің маңызын сипаттайды

• Жануарлардың көбею жолдарын сипаттайды

• Жануарлардың қоршаған ортаға бейімделу тәсілдерін түсіндіреді

Пәні: жаратылыстану сыныбы 2 __________ күні ______________

Оқушының аты-жөні ________________________________________________

**«Жанды табиғат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

Орындау уақыты 20 минут

I **нұсқа**

**1-тапсырма** Дұрыс жауапты тауып белгіле

1. Өсімдікті топыраққа бекітеді. Тірек қызметін атқарады.

А) жапырақ

Ә) гүл

Б) тамыр

2. Су мен пайдалы заттарды өсімдіктің басқа мүшелеріне жеткізеді.

А) тамыр

Ә) сабақ

Б) жеміс

3.Дәндерді бүлінуден қорғайды

А) жеміс

Ә) тамыр

Б) жапырақ

**2-тапсырма**

Өсімдіктер қай жерде жақсы өседі? Белгілеп көрсет.



Жақсы өнім алу үшін топыраққа қандай күтім жасау керек? Жаз

______________________________________________________________________________

____________________________________________________________

**3-тапсырма**

| **Жануарлардың атауы** | **Көбею тәсілі** | | |
|---|---|---|---|
| | **Жұмыртқа басады** | **Уылдырық шашады** | **Төлдейді** |
| Жылан | | | |
| Сиыр | | | |
| Бақа | | | |

«Жануарлардың көбеюі» кестесін толтыр. Тиісті жерге «+» таңбасын қой.

**4-тапсырма Сұрақтарға жауап жаз.**

- Сыртқы реңін (түсін ) өзгертетін жануарларды жаз.

______________________________________________________________________

- Жануарлар түсін не үшін өзгертеді?

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор**<br>***Білім алушы*** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттайды. | 1 | Өсімдіктің негізгі бөліктерінің сипатына қарай атауын анықтайды:<br>-1-ші жауапты белгілейді<br>-2-ші жауапты белгілейді;<br>-3-ші жауапты белгілейді. | <br><br>1<br>1<br>1 |
| Топырақты күтудің маңызын сипаттайды. | 2 | өсімдіктің өсуіне қолайлы жерді таңдайды; | 1 |
| | | топыраққа күтім жасау жолдарын сипаттайды | 1 |
| Жануарлардың көбею жолдарын сипаттайды. | 3 | жануарлардың көбею жолдарын анықтайды:<br>-бірінші жануарға қатысты;<br>-екінші жануарға қатысты;<br>-үшінші жануарға қатысты; | <br><br>1<br>1<br>1 |
| Жануарлардың қоршаған ортаға бейімделу тәсілдерін түсіндіреді. | 4 | сыртқы реңін өзгертетін жануарларды атайды; | 1 |
| | | жануарлардың сыртқы реңін өзгерту себебін түсіндіреді. | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

Оқушының аты-жөні ________________________________________________

**«Жанды табиғат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

Орындау уақыты   20 минут

**II нұсқа**

**1-тапсырма** Дұрыс жауапты тауып белгіле

1. Жемістер мен дәндерді қалыптастыру үшін қажет өсімдік бөлігі

А) жапырақ

Ә) гүл

Б) тамыр

2. Оның көмегімен өсімдік қоректенеді, тыныс алады және күн жарығын сіңіреді.

А) тамыр

Ә) жапырақ

Б) жеміс

3. Дәндерді бүлінуден қорғайды

А) жеміс

Ә) тамыр

Б) жапырақ

**2-тапсырма**

Өсімдіктер қай жерде жақсы өседі? Белгілеп көрсет.




Жақсы өнім алу үшін топыраққа қандай күтім жасау керек? Жаз

________________________________________________________________________________________________________________________________________________________________

**3-тапсырма**

| **Жануарлардың атауы** | **Көбею тәсілі** | | |
|---|---|---|---|
| | **Жұмыртқа басады** | **Уылдырық шашады** | **Төлдейді** |
| Балық | | | |
| Түйе | | | |
| Қарлығаш | | | |

«Жануарлардың көбеюі» кестесін толтыр. Тиісті жерге «+» таңбасын қой.

**4-тапсырма Сұрақтарға жауап жаз.**

- Сыртқы реңін (түсін ) өзгертетін жануарларды жаз.

________________________________________________________________

- Жануарлар түсін не үшін өзгертеді?

________________________________________________________________

________________________________________________________________

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|

| | | ***Білім алушы*** | |
|---|---|---|---|
| Өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттайды. | 1 | Өсімдіктің негізгі бөліктерінің сипатына қарай атауын анықтайды:<br>-1-ші жауапты белгілейді<br>-2-ші жауапты белгілейді;<br>-3-ші жауапты белгілейді. | <br><br>1<br>1<br>1 |
| Топырақты күтудің маңызын сипаттайды. | 2 | өсімдіктің өсуіне қолайлы жерді таңдайды; | <br>1 |
| | | топыраққа күтім жасау жолдарын сипаттайды | 1 |
| Жануарлардың көбею жолдарын сипаттайды. | 3 | жануарлардың көбею жолдарын анықтайды:<br>-бірінші жануарға қатысты;<br>-екінші жануарға қатысты;<br>-үшінші жануарға қатысты; | <br><br>1<br>1<br>1 |
| Жануарлардың қоршаған ортаға бейімделу тәсілдерін түсіндіреді. | 4 | сыртқы реңін өзгертетін жануарларды атайды; | 1 |
| | | жануарлардың сыртқы реңін өзгерту себебін түсіндіреді. | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

**19.10.2023ж.**

**2 «Ә» сынып**

**Сынып жетекшісі: Ашимбаева А.Т.**

**«Өзім туралы» және «Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты №1**

**ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Оқушы ________________________________ жинаған ұпай саны _______________**

| **Бағалау критерийі** | **Төмен** | **Орташа** | **Жоғары** |
|---|---|---|---|
| Өз отбасында сақталатын әдеп нормалары туралы ой бөліседі | Өз отбасында сақталатын әдеп нормалары туралы ой бөлісуде қиналады | Өз отбасында сақталатын әдеп нормалары туралы ой бөлісуде қателеседі | Өз отбасында сақталатын әдеп нормалары туралы ой бөліседі |
| Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратады | Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратуда қиналады | Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратуда қателеседі | Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратады |

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма№** | **Дескриптор**<br>*Білім алушы* | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Өз отбасында сақталатын әдеп нормалары туралы ой бөліседі | 1 | «Отбасылық әдеп» дегенді түсінеді | 1 |
| | | Сен қалай қамқорлық жасайсың?-деген сұраққа екі жауап жазады | 2 |
| | | Саған қандай қамқорлық жасайды?-деген сұраққа екі жауап жазады | 2 |
| Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратады | 2 | Жауапкершілікті бейнелейтін суреттерді белгілейді | 3 |
| | | Құқықтарын біледі | 1 |
| | | Міндеттерін біледі | 1 |
| **Барлығы** | | | **10** |

**Күні: 19.10.23ж.** **Сынып: 2 «Ә»**

**Оқушының аты- жөні:** ---------------------------------------------------------------------------------

**Дүниетану пәнінен «Өзім туралы» және «Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау БЖБ №1**

**Оқу мақсаттары:** **2.**1.1.2 Мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру

2.1.5.1 Өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату

**Бағалау критерийлері:**

*Өз отбасында сақталатын әдеп нормалары туралы ой бөліседі.

*Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратады

**Орындау уақыты:** 20 минут **Балл саны :** 10

**Мерзімі:**------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**1 тапсырма**

«Отбасылық әдеп» дегенді қалай түсінесің? Суреттерге сүйене отырып, ой бөліс.






- Отбасында бір-біріңе қандай қамқорлық жасайсыңдар? Мысал келтір.

| **Сен қалай қамқорлық жасайсың?<br>Екі мысал келтір** | **Саған қандай қамқорлық жасайды?<br>Екі мысал келтір** |
|---|---|
| | |

**2 тапсырма**

- Суреттерге мұқият қара. Жауапкершілікті бейнелейтін суретті белгіле (□).






- Сенің қандай құқықтарың мен міндеттерің бар? Кестені толықтыр.

Менің құқықтарым:

Менің міндеттерім:

Пән мұғалімі: Ашимбаева А.Т.

Ата – ана :